

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
05.01.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 05.01.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті әріптестер, біздің депутаттарымыздың бастамасымен әзірленген келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Құспан Айгүл Сайфоллақызына беріледі.

**ҚҰСПАН А.С.** Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған дәйекті де болжамды сыртқы саясаттың нақты мақсаттарын қойған болатын.

Халықаралық шарттарға негізделген әлем ғана қауіпсіз бола алады және сол шарттарда көзделген міндеттемелер мүлтіксіз орындалуы тиіс.

Халықаралық қатынастардың барлық қатысушыларының ортақ міндеттері мен мүдделерін ескеретін халықаралық ынтымақтастық қана ортақ проблемаларды шешудің бірлескен тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл үшін халықаралық шарттар маңызды құрал болып табылады. Осы орайда халықаралық шарттар туралы заңнаманы жетілдіру де аса маңызды.

Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр. Бұл заң жобасын Парламент депутаттары Құл-Мухаммед, Құспан және Сүлейменова әзірледі. Ол халықаралық шарттар туралы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Біріншіден, ұсынылып отырған түзетулер халықаралық шарттар туралы заңның ұғымдық аппаратын жетілдіруге, оны 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясына сәйкес келтіруге, сондай-ақ кейбір олқылықтар мен коллизияларды жоюға бағытталған. Атап айтқанда, дәйектеу ұғымының анықтамасын жаңа редакцияда баяндау ұсынылады. Себебі халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалылығын

анықтау рәсімін жүзеге асыру арқылы халықаралық шарттың мәтіні теңтүпнұсқалы, яғни төлнұсқаға сай және түпкілікті болады.

Заң жобасында «өкілеттіктер» ұғымының анықтамасын дипломатиялық арналар арқылы өкілеттіктер сертификатын жіберу мүмкіндігін орнату мақсатында кеңейту ұсынылады.

Екіншіден, заң жобасында Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған жағдайда халықаралық шарт жобасының мәтінін мақұлдау туралы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қажеттілігіне қатысты құқықтық олқылық жойылып отыр.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлына беріледі.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Айгүл Сайфоллақызы! Заң жобасында «парафирлеу» деген ұғымның жаңа редакциясы ұсынылған, яғни өкілетті өкілдердің аты-жөндерін халықаралық шарттың келісілген мәтінінде мәтіннің теңтүпнұсқалылығын анықтау тәсілдерінің бірі ретінде қолданылатын әр паракқа қою.

Парафирлеу халықаралық шартты жасасудың міндетті кезеңі болып табыла ма? Осыған жауап берсеңіз.

ҚҰСПАН А.С. Дәйектеу (парафирлеу) халықаралық шартты жасасуда міндетті сатысы болып есептелмейді. Ол тараптардың өзара келісімі бойынша мәтіннің теңтүпнұсқалылығын анықтау тәсілдерінің бірі ретінде қолданылады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Платонов Артур Станиславовичқа беріледі.

ПЛАТОНОВ А.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Министерства иностранных дел.

В соответствии со статьей 28 Закона «О международных договорах Республики Казахстан» прекращение действия международных договоров Республики Казахстан осуществляется в соответствии с Положением о международных договорах или в любое время с согласия всех участников, а также в соответствии с нормами международного права.

Поясните, пожалуйста, подробнее, в связи с какими именно нормами международного права могут прекратить действие международные договоры Республики Казахстан? Рақмет.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Марат Зеникенович Сыздықов.

СЫЗДЫҚОВ М.З. Большое спасибо за вопрос.

Под нормами международного права в статье 28 подразумеваются нормы Венской конвенции о праве международных договоров от 1969 года, где четко прописаны те пункты, по которым действие международного договора может быть прекращено: во-первых, это заключение нового международного договора взамен действующего; во-вторых, вследствие его нарушения, коренного изменения каких-либо внешних обстоятельств или невозможности выполнения этого договора.

Также в Венской конвенции прописан порядок прекращения действия международных договоров. Если расшифровать, то можно сказать о том, что коренное изменение обстоятельств – это, например, распад какого-либо государства, то есть контрпартнера нет, или же роспуск международной организации. Вот в таких случаях.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

У меня также вопрос к представителю Министерства иностранных дел.

За годы независимости Казахстан заключил значительное количество международных договоров, в том числе межправительственных, межведомственных, которые не требуют ратификации. Но все мы понимаем, что за эти годы произошли большие изменения во всех сферах жизни, которые сами по себе требуют системного пересмотра действующих международных договоров на предмет их соответствия этим изменениям, требуется своего рода ревизия путем внесения изменений или дополнений либо путем заключения новых договоров. Однако ни в Венской конвенции о праве международных договоров, ни в Законе «О международных договорах Республики Казахстан» термина «ревизия» не содержится.

В связи с этим у меня вопрос.

Скажите, пожалуйста, проводится ли на практике такая ревизия, а также каким образом анализируются действующие международные договоры на соответствие тем изменениям, которые уже произошли в обществе? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Марат Зеникенович.

СЫЗДЫҚОВ М.З. Большое спасибо за вопрос.

Действительно, термина «ревизия международных договоров» в международном праве не существует, там применяется понятие «поправки». В нашем государстве для того, чтобы определить актуальный статус того или иного международного договора, его актуальное соответствие требованиям, которые существуют, изменениям, которые происходят, мы руководствуемся Указом Президента Республики Казахстан №1037 от 2010 года «О международных договорах», согласно которому государственные органы осуществляют повседневный мониторинг международных договоров. Ежегодно готовится отчет о состоянии этих международных договоров. Министерство иностранных дел анализирует, обобщает эту информацию и сведения, поступившие от государственных органов, составляет сводную информацию, предоставляет ее в Канцелярию Премьер-Министра, далее Канцелярия Премьер-Министра предоставляет ее на рассмотрение Главе государства.

Кроме того, в Министерстве иностранных дел ведется планомерная работа по инвентаризации договорно-правовой базы Республики Казахстан с иностранными государствами, согласно которой мы делаем соответствующие заключения и даем рекомендации по улучшению качества этих международных договоров.

ТӨРАҒА. Понятно. Спасибо.

Сөз депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Айгүл Сайфоллақызы! Менің сұрағым әріптесіміз депутат Әшімжановтың сұрағының жалғасы ретінде параферлеу рәсіміне қатысты өкілетті өкілдерге қатысты.

Мәтіннің түпнұсқалылығын тіркейтін өкілетті өкілдерді тағайындау рәсімі қандай және параферлеу құқығын басқа тұлғаға беру қолданылуы мүмкін бе? Осы мәселеге тоқталып түсіндіріп өтсеңіз. Рақмет.

ҚҰСПАН А.С. Әлия Сүйіндікқызы, сұрағыңызға рақмет.

Мәтіннің түпнұсқалылығын растайтын өкілетті өкілдерді тағайындау «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңының 8-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады, яғни халықаралық шарттың түріне байланысты ол бойынша немесе Президенттің Жарлығы, немесе Үкіметтің қаулысы, немесе министрдің бұйрығы қабылданады. Ал дәйектеуге немесе параферлеуге келсек, заңнамада дәйектеу құқығын басқа тұлғаға беру қарастырылмаған.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Айгүл Сайфоллақызы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлына беріледі.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Өткен жылы Қазақстан өз тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтті. Осы кезеңде біздің еліміз мемлекеттілігіміздің құрылысында ғана емес, сыртқы саясаттың тиімді моделін әзірлеуде де табыстарға қол жеткізді.

Біздің еліміз әлемнің көптеген мемлекеттерімен экономикалық, саяси және мәдени байланыстарды белсенді дамытуда, жаһандық және өңірлік деңгейде әртүрлі халықаралық ұйымдардың қызметіне белсенді қатысады. Осы қызметтің барлығы халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Бүгін қаралып отырған заң жобасы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары саласындағы құқықтық қатынастарды жетілдіруге бағытталған.

Заң жобасын қарау барысында Мәжіліс комитеттері мен депутаттардан жиырмадан астам ескертулер мен ұсыныстар келіп түсті, олар жұмыс тобының отырысында егжей-тегжейлі зерделеніп, талқыланды.

Бұған қоса, депутаттар редакциялық сипаттағы түзетулер мен нормаларды заң техникасына сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізді.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің отырысында қаралды және мақұлданды.

Баяндалғанды ескере отырып, заң жобасын қолдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына қарауға жіберуді сұраймыз. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Тілектес Серікбайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Рахымжанов Әмірхан Мұратбекұлына беріледі.

РАХЫМЖАНОВ Ә.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Бірінші кезекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2021 жылғы 18 қарашада еліміздің Сыртқы істер министрлігі алқасының кеңейтілген отырысы барысында сөйлеген сөзінде «...республика өзіне алған екіжақты және көпжақты міндеттемелерді сақтауға бейілді болып қала береді. Даулы мәселелер туындаған кезде біз ұлттық мүдделерімізді толық есепке алу негізінде орынды шешімдерді іздеуге ұмтыламыз. Ешқашан біз үшін тәуелсіздік, егемендік, шекаралардың мызғымастығы және аумақтық тұтастық сияқты қасиетті құндылықтарға нұқсан келтіретін қандай да бір келісімдерге жол берілмейді. Ең алдымен біз Қазақстанның мүдделерін батыл қорғауға тиіспіз», – деп ерекше атап өткенін айтқым келеді.

Осыған байланысты қаралып отырған заң жобасын қабылдау өзекті және уақтылы болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей, кез келген мемлекеттің шарт жасаудан гөрі белгілі бір келісілген мәселелер бойынша мақсаттарды іске асыру үшін басқа құралдары жоқ. Оларды жасасу арқылы қақтығыстар тоқтатылады, даулар шешіледі, ынтымақтастық дамиды.

1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы халықаралық шарттар құқығының негізгі көзі болып табылады. Ол мемлекеттердің өзара іс-қимылының халықаралық тәжірибесін және тарихи қалыптасқан халықаралық шарт практикасын шоғырландырды.

Сондықтан халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясына сәйкес келтіруге бағытталған заң жобасының нормалары негізді және қажетті болып табылады.

Баяндалғанды ескере отырып, осы заң жобасын қолдауды және оны Парламент Сенатына жіберуді ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдап, Парламент Сенатына жіберу. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс: Құжаттағанамен қалыптасқан ету  
Екіліктің сектор негізінде  
Машғ Н. Машғандар.*